

Қазақстан Республикасы жоғары оқу-орындарына қабылдаудың Үлгі ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2000 жылғы 25 наурыздағы N 247 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 22 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1118. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы N 638 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007.12.19. N 638 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабының 14-тармақшасын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылғы 16 наурыздағы алқасының қаулысын орындау мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н

Ескерту: Кіріспеге өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен .

1. Қосымша берілген Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына (бұдан әрі - жоо) қабылдаудың Үлгі ережелері бекітілсін.

2. Осы Үлгі ережелер Қазақстан аумағындағы барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес жоғары оқу орындарына қатысты деп белгіленсін.

3. Жоғары білім департаменті (Ә.Әбжаппаров):

1) бір ай мерзім ішінде қабылдау бойынша хабарлау тәртібін, үлгісін және мерзімін дайындасын және оны жоғары оқу орындары мен аймақтық комиссияларға жеткізсін;

2) осы бұйрық белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуден өткізуге ұсынылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-Министр Ә.Ахметовке жүктелсін.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 0 0 ж ыл ғы 2 5 н а у р ы з д а ғы
N 247 бұйрығына қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА
ҚАБЫЛДАУДЫҢ ТИПТІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша:

"аймақтық" деген сөз тиісінше "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылды; "немесе мемлекеттік білім несиесін" деген сөздер алынып тасталды; барлық мәтіні бойынша»"мемлекеттік сертификаттың", "мемлекеттік сертификат",»"мемлекеттік сертификаттар" деген сөздер "сертификаттың",»"сертификат",»"сертификаттар" деген сөздермен ауыстырды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен , 2006 жылғы 1 наурыздағы N 95 бұйрығымен .

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына Қазақстан Республикасының жалпы орта, кәсіптік бастауыш, орта кәсіптік және жоғары кәсіптік білімі бар азаматтар, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда, толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2001 жылғы 18 мамырдағы N 366 бұйрығымен , 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен .

2. Жоғары оқу орындарында студенттер контингентін қалыптастыру мемлекеттік маман даярлау тапсырыс (мемлекеттік білім гранты) бюджеттік қаражат негізінде және жеке тұлғалардың өз қаражаты мен басқа қаражат көздері арқылы жүзеге асырылады .

Қазақ ұлтының басқа мемлекет азаматы болып табылатын өкілдеріне, шет ел азаматтарына және Қазақстан Республикасында тұрғылықты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға, сонымен бірге Ресей Федерациясының, Беларусь Республикасының, Тәжікстан Республикасының және Қырғыз Республикасының азаматтарына мемлекеттік білім грантын алуға Қазақстан Республикасының азаматымен бірдей құқық беріледі.

Шет мемлекеттердің басқа азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар жоғары оқу орындарына (ЖОО) Қазақстан Республикасының заңдылықтарында, сондай-ақ халықаралық келісімдерге сәйкес, Қазақстан Республикасында белгіленген тәртіппен қабылданады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2001.05.18. N 366 бұйрығымен , 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен , 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен , 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен .

3. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына азаматтарды қабылдау ұлттық бірыңғай тестілеудің (бұдан әрі - ҰБТ) немесе Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы (бұдан әрі - БТМСҰО) әзірлеген технология бойынша өткізілетін кешенді тестілеудің нәтижесі бойынша берілген сертификаттағы баллдарға сәйкес азаматтардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

ҰБТ ағымдағы жылы орта білім беру ұйымдары бітірушілер үшін өткізіледі.

Кешенді тестілеу өткен жылы жалпы білім беретін мектептің бітірушілері, кәсіптік бастауыш және орта оқу орындарының бітірушілері, шетелде оқушылармен алмасу халықаралық желісі бойынша оқыған жалпы білім беретін мектеп бітірушілері ҰБТ-ға қатыспаған, жалпы орта мектепті өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде аяқтаған бітірушілері, республикалық музыка мектеп-интернаттарының түлектері, жалпы білім беретін пәндер бойынша ағымдағы жылғы халықаралық олимпиадалардың қатысушылары, сондай-ақ оқу орындарын шетелде бітірген азаматтары үшін өткізіледі.

Азаматтарды Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесінің Комитетіне, Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігіне, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне 1-қосымшаға сәйкес бағынысты жоғары оқу орындарына бекітілген жоспар бойынша қабылдау үш кезеңде өтеді:

бірінші кезеңде аталған жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары құрылтайшылар белгілеген және Білім беру ұйымдарына қабылдау ережесінде бекітілген тәртіпке сәйкес кадрлар даярлаудың мемлекеттік принципін ескере отырып, медициналық, тәндік және психофизиологиялық көрсеткіштері бойынша іріктеу жүргізу арқылы талапкерлер контингентін қалыптастырады;

екінші кезеңде ЖОО сертификаттағы баллдарға сәйкес іріктеу өткізіледі;

үшінші кезеңде аталған жоғары оқу орындарының мандаттық комиссиялары студент қатарына қабылдау жұмысын өткізеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда, өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2001.05.18. N 366 бұйрығымен , 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен , 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен , 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен , 2005 жылғы 7 маусымдағы N 353 бұйрығымен , 2006 жылғы 1 наурыздағы N 95 бұйрығымен

4. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына орта кәсіптік білімі бар азаматтарды төлемақы негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға қабылдауды жоғары оқу орындары МБСТҰО

әзірлеген технология бойынша қабылдау комиссиялары жүргізеді.

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына ақылы негізде қысқартылған мерзімде оқуға кәсіптік жоғары білімі бар азаматтарды қабылдауды жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

Ескерту. 4-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2001.05.18. N 366 бұйрығымен , 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен .

5. Екі немесе одан жоғары елдер арасында мемлекетаралық келісімдер бойынша құрылған халықаралық жоғары оқу орындарына мемлекеттік тапсырыс негізінде белгіленген квота бойынша шет ел азаматтарын қабылдауды жоғары оқу орындары дербес түрде шешеді.

Оқу орындарына оқуға қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы N 1188 "Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде адамдардың жекелеген санаттары үшін қабылдау квотасын белгілеу туралы" қаулысымен бекітілген қабылдау квотасы белгіленеді. Ауылдық білім беру ұйымдарын бітірген азаматтар үшін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдау квотасы белгіленген бакалавриат және жоғары арнайы білім беру мамандықтарының тізбесі осы қабылдаудың үлгі ережелерінің 4-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 2 сәуірдегі N 150 бұйрығымен.

6. Жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік құпиялармен Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес жұмыс істеуді талап ететін жекелеген мамандықтары бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарды қабылдау мамандандырылған мемлекеттік оқу орындарында және басқа да мемлекеттік оқу орындарының факультеттерінде (бөлімдерінде) мемлекеттік білім тапсырысы бойынша ғана 2-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2001.05.18. N 366 бұйрығымен , 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен , 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен , 2006 жылғы 1 наурыздағы N 95 бұйрығымен .

6.1. Азаматтарды арнаулы немесе шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтарға қабылдау арнаулы немесе шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен .

7. Мемлекеттік білім грантын алу конкурсына қатысу үшін талапкер ЖОО-ның қабылдау комиссиясына белгіленген үлгідегі бланкіде өтінішін, білімі

туралы құжатын (түпнұсқа), сертификатты, мемлекеттік білім беру грантын алуға басым құқықты растайтын, 3x4 көлеміндегі 2 фотосурет, 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы, сондай-ақ жеке басын растайтын құжаттың көшірмесін суретімен бірге өткізеді.

Мемлекеттік білім грантын алу конкурсына қатысу үшін, азаматтар өтінішінде осы мамандық бойынша мемлекеттік білім гранты орналастырылатын таңдаған мамандықпен ЖОО-ны көрсетеді. Төртінші пән сәйкес келген жағдайда, талапкер төрт мамандықты көрсетуге құқығы бар.

3-тармақта көрсетілген мемлекеттік органдарға ведомстволық бағынысты ЖОО-ға түсетін азаматтар бірінші осы жоғары оқу орнында даярланатын мамандықты, екінші 3-қосымша бойынша мамандықты көрсетеді.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжат белгіленген тәртіппен нострификациялануы тиіс.

Бірінші және екінші топтағы мүгедек адамдар, мүгедек балалар, сондай-ақ бала кезінен мүгедектер таңдап алған мамандықтары бойынша оқу үшін қарсы дәлелдің жоқтығы туралы медициналық-әлеуметтік сараптамалық (МӘС) қ о р ы т ы н д ы с ы н б е р е д і .

Білім беру гранттарын алуға басым құқығы бар тұлғалар жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына осы құқықты растайтын құжатты және мемлекеттік білім беру гранттарын беру конкурсына қатысу үшін өтінішті осы Үлгі ережеде бекітілген мерзімде тапсырады.

Мемлекеттік білім гранттарын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініштер 22 шілдеден 31 шілдеге дейін қабылданады.

Шығармашылық мамандықтарға өтініштерді қабылдау мерзімі ЖОО-ның қабылдау комиссиялары 20 маусымнан 3 шілдеге дейін, арнайы (шығармашылық) емтихандар 4 шілдеден 9 шілдеге дейін өткізіледі.

3-тармақта көрсетілген мемлекеттік органдарға ведомстволық бағынысты жоғары оқу орындарына өтініштерді қабылдау мерзімін тиісті мемлекеттік о р г а н д а р б е л г і л е й д і .

Шығармашылық мамандықтарға, сондай-ақ 3-тармақта көрсетілген мемлекеттік органдарға ведомстволық бағынысты жоғары оқу орындарына, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қарасты ведомстволық бағынысты жоғары оқу орындарынан басқа оқу орындарына түсу кезінде өтініштер ЖОО орналасқан ж е р д е қ а б ы л д а н а д ы .

Шығармашылық мамандыққа оқуға түсетін азаматтар бір шығармашылық м а м а н д ы қ т ы к ө р с е т у і м ү м к і н .

Мемлекеттік білім беру грантын алуға арналған конкурсқа қатысушы азаматтар үшін белгіленген қабылдау квоталары барлық төрт мамандық б о й ы н ш а о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

Шығармашылық мамандықтарын таңдаған талапкерлер, оның ішінде "Алтын белгі" белгісінің иегерлері мемлекеттік білім беру грантын алу конкурсына бір мамандық бойынша қатыса алады және тек шығармашылық емтихан тапсырған жоғары оқу орнын ғана көрсетеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен , 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен , 2006 жылғы 1 наурыздағы N 95 бұйрығымен , 2007 жылғы 2 сәуірдегі N 150 бұйрығымен.

8. Студенттер қатарына қабылдау конкурсына қатысу үшін қажетті ең төменгі балдар деңгейі 60 балды құрайды, оның ішінде кемінде 7 балл бейіндік пәннен, ал қалған пәндер бойынша жақсы бағалар болуы тиіс.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 2 сәуірдегі N 150 бұйрығымен.

9 - 1 1 - 1 . < * >

Ескерту. 9-11-1-тармақтар алынып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен .

2. Сертификаттар алу үшін кешенді тест өткізу

Ескерту. 2-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен .

12. Сертификат алу үшін кешенді тест сынақтары Қазақстанның барлық аймақтарының облыс орталықтарында, сондай-ақ Астана, Алматы, Арқалық, Жезқазған, Жетісай, Рудный, Семей, Теміртау, Түркістан, Балқаш және Екібастұз қалаларында өткізіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда жазылды, толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2001.05.18. N 366 бұйрығымен , 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен .

13. Жергілікті жерде ұйымдастыру және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына талапкерлерді тест сынағынан өткізу мен оны ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік комиссиялар құрылады (бұдан әрі - мемлекеттік комиссия). Мемлекеттік комиссиялардың қызметін ұйымдастыру ережесін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) бекітеді.

Ескерту. 13-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен .

14. Кешенді тест сынағына қатысу үшін азамат жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына белгіленген үлгідегі бланкіде өтініш, аттестат немесе кәсіптік бастауыш немесе орта кәсіптік оқу орнын аяқтағаны туралы диплом (түпнұсқа), мемлекеттік білім беру грантын алуға басым құқықты растайтын, тест

сынағын өткізуге қажетті ақыны төлегені туралы түбіртек (квитанция), 3x4 көлеміндегі екі фотосурет, 086-У нысанындағы медициналық анықтама сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін суретімен бірге ө т к і з е д і .

Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштерді қабылдау мерзімі 20 маусымнан 10 шілдеге дейін. Кешенді тестілеу 18 шілдеден 22 шілдеге дейін өткізіледі.

Ескерту. 14-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2001.05.18. N 366 бұйрығымен , 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен , 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен , 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен , 2006 жылғы 1 наурыздағы N 95 бұйрығымен , 2007 жылғы 2 сәуірдегі N 150 бұйрығымен.

14-1. Кешенді тестілеуге келген талапкер куәлігін (төлқұжат) және емтиханға рұқсат қағазын көрсетуі тиіс.

Ескерту. 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен .

14-2. Кешенді тестілеу азаматтардың қалауы бойынша қазақ және орыс тілдерінде жалпы орта білім берудің оқу бағдарламасының көлемінде төрт пән бойынша өткізіледі: қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы, математика және 3-қосымшаға сәйкес талапкердің таңдаған мамандығына байланысты белгіленген төртінші пән. Шығармашылық мамандыққа түсуші азаматтар үшін кешенді тестілеудің екі пәні бойынша баллдары есептеледі: қазақ немесе орыс тілі және Қ а з а қ с т а н т а р и х ы .

Шығармашылық мамандыққа түсуші азаматтар оның ішінде»"Алтын белгі" белгісімен марапатталған оқушылар өздері таңдаған ЖОО-ның қабылдау комиссиясында өткізілетін арнайы (шығармашылық) емтихандарды тапсырады. Бір шығармашылық емтиханның ең жоғары балл саны - 30. Арнайы (шығармашылық) емтихандар саны - 2. Арнайы (шығармашылық) емтихан бойынша 10 баллдан кем алған немесе оларға қатыспаған талапкерлер, осы мамандық бойынша түсу үшін кешенді тестілеуге жіберілмейді. Арнайы (шығармашылық) емтихандарды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Ескерту. 14-2-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен , 2006 жылғы 1 наурыздағы N 95 бұйрығымен .

14-3. Әр пән бойынша тест тапсырмаларының саны - 30. Әр тест тапсырмасының дұрыс жауабы бір балл болып бағаланады.

Ескерту. 14-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен .

14-4. Кешенді тестілеуге 3 астрономиялық сағат бөлінеді. Кешенді тест сынағын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Ескерту. 14-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен .

14-5. Тестілеуден кейін өткізілетін жауап парақтарын сканерлеу аяқталғаннан кейін, бірден дұрыс жауаптар коды ілінеді.

Ескерту. 14-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен .

15. *Алынып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2001.05.18. N 366 бұйрығымен .*

1 6 . < * >

Ескерту. Алынып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен .

17. Кешенді тестілеу нәтижелерін өңдеу кешенді тестілеу жүзеге асырылған жоғары оқу орнында өткізіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 1 наурыздағы N 95 бұйрығымен .

18. Сертификаттарды алу үшін өткізілген тест нәтижелерін мемлекеттік комиссия тест сынағы өткізілген күні жариялайды.

19. Тест нәтижесі бойынша әр қатысушыға белгіленген үлгідегі сертификат толтырылады, оны мемлекеттік комиссия тест сынағы өткеннен кейінгі үш күн ішінде береді.

20. Шығармашылық мамандыққа, сондай-ақ 3-тармақта көрсетілген мемлекеттік органдарға ведомстволық бағынысты жоғары оқу орындарына түсушілерге кешенді тест талапкер таңдаған жоғары оқу орны бекітілген базалық жоғары оқу орнында өткізіледі.

Ескерту. 20-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2001.05.18. N 366 бұйрығымен , 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен , 2006 жылғы 1 наурыздағы N 95 бұйрығымен .

21. Тест сынағының нәтижесімен келіспеген азаматтың апелляция беруге қ ұ қ ы б а р .

Тест нәтижесі бойынша апелляция тест қорытындысы хабарланғаннан кейінгі бір тәулік ішінде мемлекеттік комиссияға беріледі және оны мемлекеттік комиссия төрағасы бекіткен апелляция комиссиясы қарайды.

Апелляцияға өтініш мемлекеттік комиссияның төрағасы бекітетін, апелляциялық комиссияға Тестілеу нәтижелері хабарланғаннан кейін келесі күнгі сағат 13-ке дейін беріледі және бір тәуліктің ішінде апелляциялық комиссияда қаралады. Апелляциялық комиссияның төрағасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітіледі.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен , 2006 жылғы 1 наурыздағы N 95 бұйрығымен .

21-1. Тест тапсырмаларын бағалау кезінде бірыңғай талаптарды сақтау және даулы мәселелерді шешуді қамтамасыз ету, ҰБТ-ға қатысушылардың құқығын қорғау мақсатында тестілеу өткізу кезеңінде апелляцияны қарау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі - республикалық комиссия) және әрбір базалық жоғары оқу орнында апелляциялық комиссия құрылады.

Ескерту. 21-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 1 наурыздағы N 95 бұйрығымен .

21-2. Республикалық комиссияның төрағасы және құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітіледі.

Ескерту. 21-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 1 наурыздағы N 95 бұйрығымен .

21-3. Республикалық комиссия апелляциялық комиссиялардың баллдар қосу негіздемесін қарайды және соңғы шешім қабылдайды.

Ескерту. 21-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 1 наурыздағы N 95 бұйрығымен .

21-4. Республикалық комиссия өз функцияларын орындау мақсатында апелляциялық комиссиялардан қажетті құжаттар, сонымен бірге азаматтардың жауап парағын, кешенді тестілеу технологиясының сақталуы туралы мәліметтер сұрауға және алуға құқылы.

Ескерту. 21-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 1 наурыздағы N 95 бұйрығымен .

21-5. Республикалық комиссияның шешімі комиссияның тізімдік құрамындағы көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасы шешуші дауысқа құқылы. Комиссияның жұмысы төрағаның және комиссияның барлық мүшелерінің қолдары қойылған хаттамалармен ресімделеді.

Ескерту. 21-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 1 наурыздағы N 95 бұйрығымен .

3. Мемлекеттік білім грантын беру тәртібі

Ескерту. 3-тараудың атауына өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен .

22. Мемлекеттік білім грантын алуға құқық беруді Білім және ғылым министрлігінің Республикалық конкурстық негізде нақты мамандықтар және тіл бөлімдері бойынша бекітілген мемлекеттік тапсырыс көлемінде жүргізеді. Тағайындауды Министрліктің конкурстық комиссиясы оның жұмыс Ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 22-тармақ өзгертілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен , 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен , 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен , 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен .

23. Білім беру гранттарын алуға сертификат баллдарына сәйкес конкурс өткізілген кезде :

1) "Алтын белгі" белгісімен марапатталған оқушылардың;
2) жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), республикалық және халықаралық орындаушылар конкурстары мен спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздарының, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың ағымдағы жылғы жеңімпаздарының, сондай-ақ өздері таңдаған мамандығының олар жеңімпазы болып табылатын олимпиаданың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда басым құқығы болады . Халықаралық және республикалық олимпиадалардың, ғылыми жарыстардың, орындаушылар конкурстары мен спорттық жарыстардың пәндеріне сәйкес келетін мамандықтар тізбесін Министрлік бекітеді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен .

2 4 . < * >

Ескерту. 24-тармақ алынып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен .

25. Білім беру гранттары осы Үлгі ереженің 23-тармағына сәйкес басым құқығы бар азаматтарға бірінші кезекте беріледі.

Бұдан әрі мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау талапкерлер өтініш білдірген тіл бөлімдері, жоғары оқу орындары және мамандықтардың реті бойынша сертификаттар баллдарына сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады .

Тіл бөлімдерінің бірінде босаған орындар мамандықтар ішінде конкурстық негізінде тағайындау үшін беріледі.

Мемлекеттік білім гранттарын конкурстық тағайындаудан кейін қалған бос орындар мәлімделген оқыту нысанына және тіл бөліміне қарамастан, жоғары өту баллымен мамандықтарға дайындау бағыттарының ішінде қайта бөлінеді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен , 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен , 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен .

26. Сертификаттар баллдарының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда мемлекеттік білім гранттарын тағайындау, сондай-ақ бюджеттік қаржыландыру арқылы тегін мемлекеттік білім алудың басым құқығы жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға, медициналық-әлеуметтік сараптамалық (МӘС) қорытындысына сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға тиым салынбаған жағдайда, бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, бала кезден мүгедектерге, мүгедек балаларға, білімі туралы үздік құжаттары (аттестаттары, куәліктері, дипломдары) бар, содан соң аттестаты не дипломының ең жоғарғы орта баллы бар, бұдан әрі 3-қосымшаға сәйкес бейіндік пәндер бойынша ең жоғары баллы бар азаматтарға беріледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен , 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен , 2006 жылғы 1 наурыздағы N 95 бұйрығымен .

26-1. "Алтын белгі" белгісінің иегерлері кез келген мамандыққа тестілеудің төртінші пәніне қарамастан мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау
к о н к у р с ы н а қ а т ы с а д ы .

Ескерту. 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен .

27. Мемлекеттік білім грантын алған азаматтарға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі белгіленген үлгідегі куәлік береді. Аталған куәлік иелерінің тізімі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Ескерту. 27-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2001.05.18. N 366 бұйрығымен , 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен .

28. Мемлекеттік комиссия мемлекеттік білім гранттарын иеленген азаматтарды тиісті куәлік алу керектігі туралы хабардар етеді.

Мемлекеттік білім грантын алғаны туралы куәлікті қабылдау комиссиясына тапсырылған құжаттарымен қоса азаматтарға 15-тамызға дейін береді.

Ескерту. 28-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2001.05.18. N 366 бұйрығымен , 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен , 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен .

4. Жоғары оқу орындарына қабылдау

29. Жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары студенттер қатарына қабылдауды 10-25 тамыз аралығында өткізеді.

Азаматтар жоғары оқу орындардың қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішпен бірге жалпы орта, кәсіптік бастауыш немесе кәсіптік орта білімі туралы құжатын (түпнұсқа), 3x4 көлеміндегі 6 суретін, 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы, сертификатты, сондай-ақ мемлекеттік

білім гранты тағайындалғаны туралы куәлігін (ол болған жағдайда) қоса береді.

Ескерту. 29-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2001.05.18. N 366 бұйрығымен , 2002 жылғы 17 мамырдағы N 394 бұйрығымен , 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен , 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен , 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен .

30. Мемлекеттік білім грантын алу құқығына ие болғаны туралы куәлік алған азаматтар, куәлікте көрсетілген ЖОО-ға қабылдау туралы өтініш береді және студенттер қатарына қабылданады. Шығармашылық мамандық бойынша мемлекеттік білім гранттарын тағайындау туралы куәлігі барлар өздері арнайы (шығармашылық) емтихан тапсырған ЖОО-ға қабылданады.

Ескерту. 30-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен , 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен , 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен .

31. Ақылы бөлімге студент қатарына қабылдауды жоғары оқу орындардың қабылдау комиссиясы өткізген сертификат ұпайлардың сәйкес, мамандықтар және тіл бөлімдері бойынша өткізіледі. Арнайы (шығармашылық) емтихандар бекітілген мамандықтарға қабылдау - осы емтихандардың ұпай көрсеткіштерінің нәтижесі бойынша жүргізіледі.

3 тармақта көрсетілген мемлекеттік органдарға ведомстволық бағынысты жоғары оқу орындарына студент қатарына қабылдауды осы жоғары оқу орнының мандат комиссиясының, талапкерлердің медициналық, тәндік және психофизиологиялық көрсеткіштерін ескере отырып, сертификаттағы баллдарына сәйкес конкурс бойынша қабылдаған шешімімен жүргізіледі.

Ескерту. 31-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2001.05.18. N 366 бұйрығымен , 2002 жылғы 17 мамырдағы N 394 бұйрығымен , 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен .

31-1. "Алтын белгі" белгісінің иегерлерін жоғары оқу орындарына қабылдау кез келген мамандыққа тестілеудің төртінші пәніне қарамастан жүргізіледі.

Ескерту. 31-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен .

32. Меншік нысандарына қарамастан, барлық ЖОО Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне белгіленген үлгі мен мерзімге сәйкес статистикалық есеп, қабылдау біткеннен кейін 10 күннің ішінде қабылдауды ұйымдастыру мен өткізу, сонымен бірге мемлекеттік білім беру грантынан бас тартқан және жоғары оқу орнына келмеген студенттер туралы

мәліметтер (аты-жөні, мамандығы) туралы жазбаша қорытынды есеп береді.

Ескерту. 32-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 2 сәуірдегі N 150 бұйрығымен.

33. Осы Типтік ережені және Кешенді тестілеу технологиясын бұзған мемлекеттік білім гранттары иегерлерінің куәліктері жоюға жатады.

Ескерту. 33-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2001.05.18. N 366 бұйрығымен , жана редакцияда жазылды - 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен , 2005 жылғы 11 наурыздағы N 149 бұйрығымен .

34. Осы Типтік Ережелерде қарастырылмаған қабылдау жөніндегі мәселелерді ЖОО-ның қабылдау комиссиялары дербес түрде шешеді.

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшамен толықтырылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2001.05.18. N 366 бұйрығымен , 2005 жылғы 7 маусымдағы N 353 бұйрығымен , 2007 жылғы 2 сәуірдегі N 150 бұйрығымен.

Күштік және өзге құрылымдарға бағынышты жоғары және оқу орындарының тізбесі

N	Жоғары оқу орны	Мекен-жайы
1	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің академиясы	Алматы қ.
2	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қарағанды құқық институты	Қарағанды қ.
3	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесінің Комитеті Қостанай құқық институты	Қостанай қ.
4	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Құрлықтағы әскерлердің әскери институты	Алматы қаласы
5	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кеңес Одағының екі мәрте батыры Т.Я. Бегелдинов атындағы Әуе қорғаныс күштерінің әскери институты	Ақтөбе қаласы
6	Қазақстан Республикасы Қаржы полициясының Қаржы полиция академиясы	Ақмола обл.
7	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Көкшетау техникалық институты	Көкшетау қ.
8	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің	

	Шет тілдері әскери институты	Алматы қаласы
9	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Петропавл жоғары әскери училищесі	Петропавл қ.
10	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Әскери-теңіз институты	министрлігінің Ақтау қаласы
11	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Ұлттық университеті	министрлігінің Көкшетау қ.
12	Қазақстан Республикасы Ұлттық комитетінің академиясы	қауіпсіздік Алматы қаласы
13	Қазақстан Республикасы Ұлттық комитетінің әскери институты	қауіпсіздік Алматы қаласы
14	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Радиоэлектроника мен байланыс институты	министрлігінің әскери-инженерлік Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрінің
2000 жылғы 25 наурыздағы
N 247 бұйрығымен бекітілген
жоғары оқу орындарына
қабылдаудың типтік
ережелеріне
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен, 2007 жылғы 2 сәуірдегі N 150 бұйрығымен.

**Мемлекеттік құпиялармен жұмысты талап ететін
кәсіптік жоғары білім мамандықтарының тізбесі**

1. 011100 - Картография;
2. 021600 - Юриспруденция мамандандырулар бойынша:
"Жедел-криминалистикалық";
"Тергеу-криминалистикалық";
"Қылмыстық-атқарушылық";
3. 110400 - Ядролық реакторлар және энергетикалық қондырғылар;
4. 320100 - Қолданбалы геодезия;
5. 320200 - Аэрофотогеодезия;
6. 370300 - Ақпаратты қорғауды ұйымдастыру және технологиясы;
7. 390900 - Ядролық-химиялық технология;
8. 430700 - Жылу және атом электр станцияларын салу;

9. 050706 - Геологиясы және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау;
 10. 051003 - Танк әскерлерінің командалық тактикасы;
 11. 051004 - Әуе десанты әскерлерінің және әскери барлаудың командалық тактикасы ;
 12. 051005 - Артиллерияның командалық тактикасы;
 13. 051006 - Автомобиль әскерлерінің командалық тактикасы;
 14. 051007 - Броньды танк қару-жарағы мен техникасы;
 15. 051008 - Инженерлік әскерлердің командалық тактикасы;
 16. 051009 - Тәрбие құрылымдарының офицерлері;
 17. 051010 - Әскерлерді заттай қамтамасыз етудің командалық тактикасы;
 18. 051011 - Әскерлерді азық-түлікпен қамтамасыз етудің командалық тактикасы ;
 19. 051012 - Сұйық отынмен қамтамасыз етудің командалық тактикасы;
 20. 051013 - Мотоатқыштар әскерлерінің командалық тактикасы;
 21. 051018 - Радиобайланыс және радионавигация;
 22. 051019 - Байланыс желілері және коммутация жүйелері;
 23. 051020 - Радиотехника;
 24. 051029 - Өшу аппараттарын пайдалану;
 25. 051030 - Авиацияның штурмандық тактикасы, ұшу аппараттарын пайдалану ;
 26. 051031 - Авиацияны жауынгерлік басқарудың командалық тактикасы;
 27. 051032 - Өшу аппараттары мен қозғалтқыштарды техникалық пайдалану;
 28. 051033 - Авиациялық қару-жарақ;
 29. 051034 - Авиациялық электрлендірілген пилотаж-навигациялық және радиоэлектрондық жабдықтарды техникалық пайдалану.
 30. 051035 - Авиациялық радиоэлектрондық жабдық.

3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда, өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004.03.23. N 241 бұйрығымен , 2005 жылғы 7 маусымдағы N 353 бұйрығымен , 2006 жылғы 1 наурыздағы N 95 бұйрығымен , 2007 жылғы 2 сәуірдегі N 150 бұйрығымен.

ҰБТ және кешенді тестілеу жүргізілетін пәндер көрсетілген мамандықтар тізімі

Код	Мамандықтардың топтары	Тест сынағы	Мамандыққа бе.
		және мамандықтардың аты	өтетін 4-ші пән йімдейтін пән

050101	Мектепке дейінгі оқыту	Биология	Математика
		және тәрбиелеу	
050102	Бастауыш оқытудың педа.	Биология	Математика
		гогикасы мен әдістемесі	
050103	Педагогика және	Биология	Биология
		психология	
050104	Бастапқы әскери дайындық	2 шығармашылық емтихан	1 шығармашылық емтихан
050105	Дефектология	Биология	Математика
050106	Музыкалық білім	2 шығармашылық емтихан	1 шығармашылық емтихан
050107	Бейнелеу өнері және сызу	2 шығармашылық емтихан	1 шығармашылық емтихан
050108	Дене шынықтыру және спорт	2 шығармашылық емтихан	1 шығармашылық емтихан
050109	Математика	Физика	Математика
050110	Физика	Физика	Физика
050111	Информатика	Физика	Математика
050112	Химия	Химия	Химия
050113	Биология	Биология	Биология
050114	Тарих	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
050115	Құқық және экономика	География	География
		негіздері	
050116	География	География	География
050117	Қазақ тілі мен әдебиеті	Қазақ әдебиеті	Қазақ тілі
050118	Орыс тілі мен әдебиеті	Орыс әдебиеті	Орыс тілі
050119	Шет тілі: екі шет тілі	Шетел тілі	Шетел тілі
050120	Кәсіптік білім	География	Математика
050121	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті	Қазақ әдебиеті	Қазақ тілі
050122	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	Орыс әдебиеті	Орыс тілі

2. Гуманитарлық ғылымдар

050201	Философия	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
050202	Халықаралық қатынастар	Шетел тілі	Шетел тілі
050203	Тарих	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
050204	Мәдениеттану	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
050205	Филология	Әдебиет	Ана тілі
050206	Дінтану	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
050207	Аударма ісі	Шетел тілі	Шетел тілі
050208	Археология және этнология	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
050209	Шығыстану	Шетел тілі	Шетел тілі
050210	Шетел филологиясы	Шетел тілі	Шетел тілі
050211	Теология	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы

3 . Қ ұ қ ы қ

050301	Құқықтану	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
050302	Халықаралық құқық	Шетел тілі	Шетел тілі
050303	Құқық қорғау қызметі	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
050304	Кеден ісі	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы

4 . Ө н е р

050401	Музыкатыану	2 шығармашылық емтихан	1 шығармашылық емтихан
050402	Аспаптық орындау	2 шығармашылық емтихан	1 шығармашылық емтихан
050403	Вокалдық өнер	2 шығармашылық емтихан	1 шығармашылық емтихан
050404	Дәстүрлі музыка өнері	2 шығармашылық емтихан	1 шығармашылық емтихан
050405	Дирижерлеу	2 шығармашылық емтихан	1 шығармашылық емтихан
050406	Режиссура	2 шығармашылық емтихан	1 шығармашылық емтихан

	е м т и х а н	е м т и х а н
050407 Актерлық өнер	2 шығармашылық е м т и х а н	1 шығармашылық е м т и х а н
050408 Эстрадалық өнер	2 шығармашылық е м т и х а н	1 шығармашылық е м т и х а н
050409 Хореография	2 шығармашылық е м т и х а н	1 шығармашылық е м т и х а н
050410 Сценография	2 шығармашылық е м т и х а н	1 шығармашылық е м т и х а н
050411 Композиция	2 шығармашылық е м т и х а н	1 шығармашылық е м т и х а н
050412 Операторлық өнер	2 шығармашылық е м т и х а н	1 шығармашылық е м т и х а н
050413 Сурет салу	2 шығармашылық е м т и х а н	1 шығармашылық е м т и х а н
050414 Графика	2 шығармашылық е м т и х а н	1 шығармашылық е м т и х а н
050415 Мүсіндеу	2 шығармашылық е м т и х а н	1 шығармашылық е м т и х а н
050416 Өнертану	2 шығармашылық е м т и х а н	1 шығармашылық е м т и х а н
050417 Декоративтік өнер	2 шығармашылық е м т и х а н	1 шығармашылық е м т и х а н
050418 Кітапханатану және	Әдебиет	Әдебиет
	б и б л и о г р а ф и я	
050419 Мұражай ісі және	Дүниежүзі	Қазақстан
ескерткіштерді қорғау	тарихы	тарихы
050420 Сәулет	2 шығармашылық е м т и х а н	1 шығармашылық е м т и х а н
050421 Дизайн	2 шығармашылық е м т и х а н	1 шығармашылық е м т и х а н
050422 Баспа ісі	Әдебиет	Әдебиет

5. Әлеуметтік ғылымдар және бизнес

050501 Социология	Дүниежүзі т а р и х ы	Қазақстан т а р и х ы
050502 Политология	Дүниежүзі т а р и х ы	Қазақстан т а р и х ы

050503	Психология	Биология	Биология
050504	Журналистика	2 шығармашылық емтихан	1 шығармашылық емтихан
050505	Аймақтану	Шетел тілі	Шетел тілі
050506	Экономика	География	Математика
050507	Менеджмент	География	Математика
050508	Есеп және аудит	География	Математика
050509	Қаржы	География	Математика
050510	Мемлекеттік және	География	Математика
050511	Маркетинг	жергілікті География	басқару Математика

6. Жаратылыстану ғылымдары

050601	Математика	Физика	Математика
050602	Информатика	Физика	Математика
050603	Механика	Физика	Математика
050604	Физика	Физика	Физика
050605	Ядролық физика	Физика	Физика
050606	Химия	Химия	Химия
050607	Биология	Биология	Биология
050608	Экология	Биология	Биология
050609	География	География	География
050610	Гидрометеорология	География	География
050611	Астрономия	Физика	Физика

7. Техникалық ғылымдар және технологиялар

050701	Биотехнология	Биология	Биология
050702	Автоматтандыру және	Физика	Математика
050703	Ақпараттық жүйелер	Физика	Математика
050704	Есептеу техникасы және	Физика	Математика
050705	Математикалық және	бағдарламалық компьютерлік	қамтамасыз ету Математика
050706	Геология және пайдалы	Физика	Математика
	қазбалар	көздерін	барлау

050707	Тау-кен ісі	Физика	Математика
050708	Мұнай-газ ісі	Физика	Математика
050709	Металлургия	Физика	Математика
050710	Материалтану және жаңа материалдар технологиясы	Физика	Физика
050711	Геодезия және картография	География	Математика
050712	Машина жасау	Физика	Физика
050713	Көлік, көлік техникасы және технологиялары	Физика	Математика
050714	Авиациялық техника және технологиялары	Физика	Физика
050715	Теңіз техникасы мен технологиялары	Физика	Математика
050716	Приборлар жасау	Физика	Математика
050717	Жылу энергетикасы	Физика	Математика
050718	Электр энергетикасы	Физика	Математика
050719	Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар	Физика	Математика
050720	Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы	Химия	Химия
050721	Органикалық заттардың химиялық технологиясы	Химия	Химия
050722	Полиграфия	Физика	Физика
050723	Техникалық физика	Физика	Физика
050724	Техникалық машиналар және жабдықтар	Физика	Физика
050725	Ағаш өңдеу технологиясы	Физика	Математика
050726	Жеңіл және тоқу өнеркәсібі тауарлары мен бұйымдарының технологиясы	Физика	Физика
050727	Азық-түлік тағамдары және технологиясы	Химия	Химия
050728	Өңдеу өндірістерінің және технологиясы	Химия	Химия
050729	Құрылыс	Физика	Математика
050730	Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын	Физика	Математика
050731	Қоршаған ортаны қорғау	Физика	Математика

		және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі	
050732	Стандарттау, метрология	Физика	Математика
050733	Тоқыма жобалануы	және сертификаттау материалдарының технологиясы және Физика	Математика

8. Ауыл шаруашылық ғылымдары

050801	Агрономия	Биология	Биология
050802	Зоотехния	Биология	Биология
050803	Аң өсіру және аңшылық	Биология	Биология
050804	Балық шаруашылығы	Биология	Биология
050805	Су ресурстары және суды қолдану	География	География
050806	Агроинженерия	Физика	Математика
050807	Орман шаруашылық ісі	Физика	Математика
050808	Топырақтану және агрохимия	Биология	Биология
050809	Жеміс-көкөніс шаруашылығы	Биология	Биология
050810	Мелиорация, және қорғау	жерді Биология	баптау Математика

9. Қызмет көрсету

050901	Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру	Физика	Математика
050902	Туризм	География	География
050903	Жерге орналастыру	География	Матем
050904	Тұрмыстық қызмет көрсету	География және	География сервис
050905	Әлеуметтік жұмыс	География	География
050906	Мәдени дем алу жұмысы	2 шығармашылық емтихан	1 шығармашылық емтихан
050907	Кадастр	География	География
050908	Бағалау	География	География

10. Әскери іс және қауіпсіздік

051001	Өрт қауіпсіздігі	Физика	Математика
051002	Ақпараттық қауіпсіздік	Физика	Математика

ж ү й е с і

11. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)

051101	Мейіркештік ісі	Биология	Биология
051102	Қоғамдық денсаулық сақтау	Биология	Биология
051103	Фармация	Химия	Химия

Жоғары арнайы білім мамандықтары 2. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)

051301	Қоғамдық денсаулық сақтау	Биология	Биология
051302	Стоматология	Биология	Биология

3. В е т е р и н а р и я

051201	Ветеринарлық медицина	Биология	Биология
051202	Ветеринарлық санитария	Биология	Биология

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрінің
2000 жылғы 25 наурыздағы
N 247 бұйрығымен бекітілген
жоғары оқу орындарына
кабылдаудың типтік ережелеріне

4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен , 2004 жылғы 23 наурыздағы N 241 бұйрығымен , 2007 жылғы 2 сәуірдегі N 150 бұйрығымен.

Ауылдық білім беру ұйымдарын бітірген азаматтар үшін арналған Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына қабылдау квотасының жоғары арнайы білім және бакалавриат мамандықтарының тізбесі

Код	Мамандықтардың топтары және мамандықтардың аты			
Бакалавриат мамандықтары				
1 . Б і л і м				
050101	Мектепке	дейінгі	оқыту	және тәрбиелеу
050102	Бастапқы	оқытудың	педагогикасы	мен әдістемесі
050103	Педагогика	және	психология	
050104	Бастапқы	әскери	дайындық	
050105	Дефектология			
050106	Музыкалық		білім	
050107	Бейнелеу	өнері	және	сызу
050108	Дене	шынықтыру	және	спорт
050109	Математика			
050110	Физика			
050111	Информатика			
050112	Химия			
050113	Биология			
050114	Тарих			
050115	Құқық	және	экономика	негіздері
050116	География			
050117	Қазақ	тілі	мен	әдебиеті
050118	Орыс	тілі	мен	әдебиеті
050119	Шет	тілі:	екі	тілі
050120	Кәсіптік		оқыту	
050121	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті			
050122	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті			
2. Гуманитарлық ғылымдар				
050203	Тарих			
050204	Мәдениеттану			
050206	Дінтану			
050208	Археология	және	этнология	
3 . Ө н е р				
050404	Дәстүрлі	музыка	өнері	

050418 Кітапханатану және библиография
050419 Мұражай ісі және ескерткіштер қорғау

5. Әлеуметтік ғылымдар және бизнес

050504 Журналистика
050505 Аймақтану
050506 Экономика
050507 Менеджмент
050508 Есеп және аудит
050510 Мемлекеттік және жергілікті басқару
050511 Маркетинг

6. Жаратылыстану ғылымдары

050601 Математика
050602 Информатика
050604 Физика
050606 Химия
050607 Биология
050608 Экология
050609 География
050610 Гидрометеорология

7. Техникалық ғылымдар және технологиялар

050701 Биотехнология
050703 Ақпараттық жүйелер
050706 Геология және пайдалы қазбалар көздерін барлау
050708 Мұнай-газ ісі
050711 Геодезия және картография
050713 Көлік, көлік техникасы және технологиясы
050715 Теңіз техникасы мен технологиясы
050717 Жылу энергетикасы
050718 Электр энергетикасы
050719 Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар
050724 Техникалық машиналар және жабдықтар
050725 Ағаш өңдеу технологиясы
050726 Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі тауарлары мен заттары

				т е х н о л о г и я с ы
050727	Тағамдық	заттар		технологиясы
050728	Өңдеу	өндірістер		технологиясы
0 5 0 7 2 9		Қ ұ р ы л ы с		
050731	Қоршаған ортаны	қорғау және	өмір сүру	қауіпсіздігі
050732	Стандарттау,	сертификаттау	және	метрология

8. Ауыл шаруашылық ғылымдары

0 5 0 8 0 1				А г р о н о м и я
0 5 0 8 0 2				З о о т е х н и я
050803	Аң	өндіру	және	аң аулау
050804		Балық		шаруашылығы
050805	Суды	қолдану	және	су ресурстары
0 5 0 8 0 6				А г р о и н ж е н е р и я
050807	Орман		шаруашылық	ісі
050808	Топырақтану		және	агрохимия
050809		Жеміс-көкөніс		шаруашылығы
050810	Мелиорация,	жерді баптау	және	қорғау

9. Қызмет көрсету

050901	Көлікті пайдалану	және жүк қозғалысы	мен тасымалдауды	ұ й ы м д а с т ы р у
050903		Жерге		орналастыру
050904	Тұрмыстық	қызмет	көрсету	және сервис
050905		Әлеуметтік		жұмыс
050906	Мәдени	түрде	дем алу	жұмысы

10. Әскери іс және қауіпсіздік

051001	Өрт			қауіпсіздігі
--------	-----	--	--	--------------

11. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (м е д и ц и н а)

051101	Мейіркештік ісі		Биология	Биология
051102	Қоғамдық денсаулық сақтау		Биология	Биология
051103	Фармация		Химия	Химия

Жоғары арнайы білім мамандықтары

2. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)

051301	Қоғамдық	денсаулық	сақтау
051302		Стоматология	

3. Ветеринария

051201	Ветеринарлық	медицина
051202	Ветеринарлық	санитария

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрінің
2000 жылғы 25 наурыздағы
N 247 бұйрығымен бекітілген
жоғары оқу орындарына
қабылдаудың типтік
ережелеріне
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 22 ақпандағы N 116-1 бұйрығымен.

Жоғары оқу орындарының тізбесі

1. "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы" мемлекеттік мекемесі.
2. "Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" мемлекеттік мекемесі.
3. "Қазақ ұлттық музыка академиясы" мемлекеттік мекемесі.